

FTAXP 10.17.65
ӘОЖ 342.951:004.738.5
JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-234-246>

ЕСЕНҒАЗИЕВА А.К.,¹

З.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: Esengazievaa@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6676-6007

ИДРЕСОВА У.Х.,²

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: u.idresova@asu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9396-660X

САҚТАҒАНОВА А.Б.,³

PhD, аға оқытушы.

e-mail: Aridnissakta.11@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-0457-7794

АЗРЕТБЕРГЕНОВА И.Ж.,^{*4}

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: iazret@nail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7665-2767

¹М. Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

²Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті,

Атырау қ., Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразиялық ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

⁴С.Д. Асфендияров атындағы

Қазақ ұлттық медицина университеті,

Алматы қ., Қазақстан

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ КИБЕРҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АЛДЫН АЛУДЫҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Андатпа

Мақалада цифрлық технологиялар дамыған жағдайда кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі құқыққа қарсы мінез-құлқын болдырмауға бағытталған әкімшілік-құқықтық тетіктер талданды, қазақстандық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді, халықаралық тәжірибенің әлеуеті мен оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеуде салыстырмалы-құқықтық талдау, нормативтік құқықтық актілердің контент-талдауы және құқықтық модельдеу әдістері қолданылды. Авторлар Алматы қаласының орта мектеп инспекторларымен сұхбаттар жүргізіп, ата-аналар арасында онлайн сауалнама өткізді, ашық дереккөздерден алынған эмпирикалық деректерді талдады. Сауалнамалар мен сұхбаттар ата-аналардың балалардың цифрлық мінез-құлқы туралы хабардарлығы төмен екенін және мектептерде алдын алу шараларының жеткіліксіздігін көрсетті. Авторлардың ойынша, білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасындағы ведомстволық үйлестірудің әлсіздігі және ақпарат алмасудың формалды сипаты балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кедергі келтіреді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде кәмелетке толмағандардың цифрлық ортадағы құқыққа қарсы әрекеттерін реттейтін арнайы нормалар жоқ екені анықталды. Осыған орай, кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтар туралы нормаларды енгізу, мектептер мен құқық қорғау органдары арасында міндетті ақпарат алмасу тәртібін белгілеу, цифрлық сауаттылық пен кибергигиена бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және балалардың онлайн қауіпсіздігін мониторингтеу үшін ведомстволық тетіктерді қалыптастыру ұсынылады. Халықаралық тәжірибені Ұлыбританияның онлайн қауіпсіздік туралы

заңы, Интернеттегі балалардың құпиялылығын қорғау туралы заңы, Еуропалық Одақтың деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламенті талдау нәтижесінде кәмелетке толмағандарды онлайн кеңістікте қорғаудың тиімді тәсілдері және оларды бейімдеу үлгілері айқындалды.

Тірек сөздер: киберқауіпсіздік, киберкеңістік, балалардың киберқауіпсіздігі, киберқауіптілік, кибершабуыл, халықаралық киберқауіпсіздік, киберқылмысты ескерту.

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы балалар мен жасөспірімдердің өмір салтын түбегейлі өзгертті, олардың виртуалды кеңістіктегі белсенділігін арттырды. Алайда бұл үрдіс кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын кибер құқық бұзушылықтардың көбеюіне де себеп болып отыр. Интернеттегі анонимдік жағдайында, бақылаудың әлсіздігі мен құқықтық сауаттың төмен деңгейінде әрекет ететін жасөспірімдер өз іс-әрекеттерінің құқықтық салдарын толық ұғына бермейді. Мұндай мінез-құлық тек жеке тұлғаларға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікке де қатер төндіруі мүмкін.

Қазіргі таңда Қазақстанда, әсіресе цифрлық кеңістіктегі жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын алу бойынша, жеткілікті түрде қалыптасқан құқықтық база жоқ. Әкімшілік-құқықтық құралдардың мақсатты және жүйелі тетігі де қалыптаспаған. Бұл олқылықты жою үшін интернеттегі мінез-құлықты реттеу мен заңға қайшы әрекеттердің алдын алуға бағытталған проактивті саясат қажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тиімді алдын алу тетіктері тек нормативтік реттеу шараларымен шектелмей, сонымен қатар тәрбиелік, психологиялық және цифрлық медиа платформалармен өзара іс-қимыл элементтерін қамтуы тиіс.

Осы зерттеу жұмысының мақсаты – кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарының алдын алудағы әкімшілік-құқықтық тәсілдердің тиімділігін бағалау және оны жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатта Қазақстан заңнамасы бірқатар шетелдік құқық жүйелерімен салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талданды [1].

Мақаланың ғылыми гипотезалары келесідей тұжырымдалады:

- ♦ Қазақстанның әкімшілік заңнамасында кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтарына қатысты реттеуші олқылықтар бар, бұл алдын алу шараларының тиімділігін төмендетеді.

- ♦ Халықаралық тәжірибелер (мысалы, Ұлыбритания, Сингапур және Еуропа Кеңесінің құқықтық құралдары) балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі интеграцияланған тәсілдердің тиімділігін дәлелдеді және оларды қазақстандық жағдайға бейімдеуге болады.

- ♦ Мектептер, полиция және ата-аналар арасындағы өзара іс-қимыл мен үйлесімсіздік кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу тиімділігін төмендетеді.

- ♦ Әкімшілік-құқықтық алдын алу жүйесін нормативтік, білім беру және институционалдық деңгейлерде жаңғырту қажет.

Осы гипотезаларды талдау арқылы зерттеу кәмелетке толмағандардың интернеттегі заңға қайшы мінез-құлқының алдын алуға бағытталған ұлттық құқықтық саясатты жетілдіруге үлес қосуға бағытталады.

Кәмелетке толмағандардың кибер-кеңістіктегі мінез-құлқын талдау үшін, ең алдымен, қолданылатын негізгі ұғымдарды айқындау және оларды әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтерімен байланыстыру қажет. Осы мақалада келесі ұғымдар пайдаланылды.

Біріншіден, «кәмелетке толмағанның кибер-құқықбұзушылығы» ұғымы зерттеу шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, онлайн ойындар және т.б.) пайдалана отырып жасалатын, құқыққа қарсы, кінәлі және зиян келтіруге қабілетті іс-әрекет (әрекетсіздік) ретінде қарастырылады. Мұндай іс-әрекет ҚР ӘКБК бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыруы, не кәмелетке толмағанның заңды өкілдеріне қатысты шаралар қолдануға негіз болуы мүмкін.

Екіншіден, «кибербуллинг» ұғымы кәмелетке толмағанға қатысты жүйелі түрде қайталанатын, құрбанның ар-намысын, қадір-қасиетін қорлайтын немесе психологиялық қысым көрсететін, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, бейне-платформалар арқылы жүзеге асыры-

латын мінез-құлықты білдіреді. Мұнда құқық бұзушылықтың объектісі ретінде баланың абыройы, психикалық саулығы және жеке өміріне қол сұқпаушылық қарастырылады.

Үшіншіден, «кибер-бопсалау» (оның ішінде жыныстық сипаттағы материалдарды пайдалана отырып бопсалау) – кәмелетке толмағаннан мүлктік немесе басқа да іс-әрекеттерді талап ету мақсатында оның жеке деректерін, бейнелерін немесе өзге де құпия ақпаратын онлайн кеңістікте жариялау қаупін қолданумен сипатталады. Мұндай іс-әрекет, егер қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына жетпесе, әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағалануы мүмкін.

Төртіншіден, «жалған (фейк) контент» осы мақалада қоғамдық қатынастарға, соның ішінде кәмелетке толмағанға немесе білім беру ұйымына зиян келтіруі мүмкін, саналы түрде бұрмаланған немесе шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты цифрлық ортада тарату ретінде түсіндіріледі.

Аталған құбылыстарды әкімшілік-құқықтық нақтылауды қамтамасыз ету үшін оларды құқық бұзушылық құрамының элементтерімен байланыстыру маңызды. Объектісі болып кәмелетке толмағанның құқықтары мен бостандықтары, оның психикалық және моральдық саулығы, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен ақпараттық қауіпсіздік қатынастары танылады. Объективтік жақ ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып (әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, онлайн-платформаларда) қорлау, бопсалау, жалған мәлімет тарату және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасау көрініс табады. Субъектісі – 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар, ал жекелеген жағдайларда – олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері (егер ӘҚБК нормалары әкімшілік жауаптылықты соларға жүктесе) танылады. Ал, субъективтік жақ, ең алдымен, тікелей қасақаналықпен сипатталады, алайда киберкеңістіктегі жасөспірімдер мінез-құлқы көбіне құқықтық сауатсыздықпен және салдарын толық бағаламаумен байланысты болғандықтан, кінәні бағалау кезінде психологиялық-педагогикалық қорытындыларды да ескеру қажет.

Осылайша, кибербуллинг, кибершантаж және жалған контент тарату сияқты құбылыстарды әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтері арқылы сипаттау кәмелетке толмағандардың кибер-кеңістіктегі іс-әрекеттерін құқықтық бағалау мен алдын алу шараларын нақтылауға мүмкіндік береді және ӘҚБК-не арнайы нормалар енгізу қажеттілігін ғылыми жағынан негіздейді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақалада кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын кибер құқық бұзушылықтардың алдын алу тетіктері әкімшілік-құқықтық талдау мен эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып қарастырылады. Зерттеу дизайны аралас (mixed-methods) әдіснамаға негізделіп, сапалық және сандық деректерді біріктіреді.

Біріншіден, ҚР ӘҚБК-де, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнамалық актілерге мазмұндық және құрылымдық контент-талдау жүргізілді. Талдау барысында кәмелетке толмағандардың цифрлық ортадағы мінез-құлқына тікелей немесе жанама қатысты нормалар іріктеліп, олардың өзара байланысы мен реттеуші олқылықтары айқындалды.

Екіншіден, салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылып, Ұлыбританияның OnlineSafetyAct (2023) [9], АҚШ-тың COPPA (1998, 2013) [10], Еуропалық Одақтың GDPR [11], Будапешт конвенциясы және ЮНИСЕФ ұсынымдары сияқты халықаралық құқықтық құралдар Қазақстанның әкімшілік-құқықтық жүйесімен салыстырылды. Бұл актілер бойынша іріктеу өлшем шарлары ретінде: кәмелетке толмағандардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы, интернет-платформалардың міндеттері, әкімшілік жауаптылық және ведомствоаралық координация механизмдері алынды.

Үшіншіден, эмпирикалық зерттеу шеңберінде екі дерек көзі пайдаланылды. Біріншісі – ҚР Ішкі істер министрлігінің 2021–2024 жж. аралығындағы кәмелетке толмағандарға қатысты кибер құқық бұзушылықтар жөніндегі ресми статистикасы. Бұл деректер бойынша тиісті санаттар (кибербуллинг, кибер-бопсалау, заңсыз контент тарату және т.б.) бөлек іріктеліп, әкімшілік іс жүргізуге жеткізілген жағдайлардың үлесі есептелді.

Екінші дерек көзі – мектеп инспекторларымен сапалық сұхбаттар және ата-аналар арасында жүргізілген онлайн сауалнама. Сапалық зерттеу барысында Астана қаласы орта мектептерінде

қызмет атқаратын он ювеналды полиция инспекторымен жартылай құрылымданған сұхбаттар жүргізілді. Сұхбат гайдина балалардың интернеттегі жиі кездесетін құқыққа қайшы іс-әрекеттері, оларды анықтау мен тіркеу проблемалары, мектеп пен полиция арасындағы ақпарат алмасу тетіктері сияқты блоктар енгізілді.

Онлайн сауалнама 2024 жылдың ақпан мен наурыз айлары аралығында жүргізіліп, оған кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен заңды өкілдері қатысты ($n = 76$). Іріктеу өлшем шарттары ретінде: баланың жасы (10–17 жас аралығы), интернетті тұрақты пайдалану фактісі және респонденттің Қазақстан аумағында тұруы алынды. Сауалнамада ата-аналардың балалардың интернеттегі мінез-құлқы туралы хабардарлық деңгейі, мектептің профилактикалық жұмыстарына қанағаттануы және әкімшілік шараларға сенім дәрежесі өлшенді. Пайыздық көрсеткіштер (63%, 72% және т.б.) валидті жауаптар санының ($n = 76$) негізінде есептелді [12].

Зерттеудің этикалық және құқықтық аспектілері ерекше назарда болды. Кәмелетке толмағандарға қатысты ақпарат тек ата-аналар немесе заңды өкілдер берген жауаптар мен ресми агрегирленген статистикалық деректер негізінде пайдаланылды; респонденттердің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер жиналған жоқ. Сауалнамаға қатысу ерікті сипатта болды, ал алынған деректер тек ғылыми мақсатта, жасырын түрде өңделді.

Төртіншіден, алынған нәтижелер әкімшілік-құқықтық модельдеу әдісі арқылы жалпыланды. Осы тәсіл мектеп деңгейінде алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруға әкімшілік субъектілердің (білім беру ұйымдары, ішкі істер органдары, цифрлық даму органдары) қатысу схемаларын құрастыруға және ӘҚБК-ке енгізуге ұсынылатын нормалардың жобалық моделін әзірлеуге мүмкіндік берді.

Аталған әдістер кешені авторларға әкімшілік-құқықтық жүйедегі теориялық және тәжірибелік олқылықтарды анықтауға, оларды дәлелді эмпирикалық деректер негізінде сипаттауға және кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтарын алдын алу тетіктерін жетілдіру жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқы және әкімшілік-құқықтық алдын алу. Соңғы онжылдықта кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын кибер құқық бұзушылықтар жаһандық деңгейде ең жиі талқыланатын және өзекті құқықтық мәселелердің бірі ретінде қалыптасты. Әкімшілік-құқықтық реттеу тұрғысынан бұл саладағы зерттеулердің көпшілігі құқық бұзушылықтардың себептері мен салдарын, сондай-ақ олардың алдын алу тетіктерін талдауға бағытталған.

Қазақстандық ғалымдар арасында жасөспірімдердің құқықтық мінез-құлқын реттеу мәселесіне арналған зерттеулер елеулі орын алады. Мәселен, М.Ч. Қоғамов [2], С.К. Амандыкова [3] және Е.О. Алаухановтың [4] еңбектерінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың әлеуметтік-психологиялық факторлары мен оны болдырмау шаралары кешенді түрде қарастырылған. Алайда бұл еңбектерде кибер-кеңістіктегі әкімшілік-құқықтық реттеу ерекшеліктері нақты талданбайды және халықаралық құқықтық тәжірибеге жеткілікті назар аударылмаған.

Кибер-кеңістіктегі құқық бұзушылықтарды әкімшілік-құқықтық реттеу және халықаралық тәжірибе. Халықаралық деңгейде кәмелетке толмағандардың интернеттегі заңсыз мінез-құлқын алдын алу мәселесіне қатысты зерттеулер кең көлемде жүргізілуде. Кибербуллингті құқықтық реттеу және интернеттегі қауіпсіздік тақырыптары белсенді зерттеліп келеді. Мысалы, Ұлыбритания тәжірибесін талдаған Ливингстон мен Тёрд балалардың онлайн құқықтарын қорғау тетіктерінің және кибер-гигиена жөніндегі білім беру бағдарламаларының тиімділігін атап өтеді [5]. Чхой мен Таллон Сингапур тәжірибесін зерттей отырып, құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымдарының өзара тығыз ынтымақтастығының құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңызын көрсетеді [6]. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесі шеңберінде қабылданған құқықтық стандарттар да балалардың интернеттегі құқықтарын қорғауда шешуші рөл атқарады. Атап айтқанда, Будапешт конвенциясы киберқылмыстарды анықтау мен олардың алдын алудағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалыптастырады және Қазақстан үшін бейімдеуге болатын тиімді үлгі болып табылады [7].

Бірқатар зерттеушілер, соның ішінде Браун мен Тисдэйл, жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыруда әкімшілік жауаптылық шараларының тиімділігін салыстыра отырып, тәрбиелік сипаттағы алдын алу шараларының маңыздылығын ерекше атап өтеді [8]. Бұл қорытынды Қазақстан жағдайында құқықтық тәрбие мен алдын-алу жұмыстарды күшейтудің өзектілігін растайды.

Қазақстан заңнамасында кибер-құқықбұзушылықтардың алдын алуға қатысты нақты нормалардың болмауы бұл құқық саласының толыққанды дамуына кедергі келтіреді. Соңғы жылдары интернеттегі заңсыз контент пен кибербуллингті реттеуге бағытталған кейбір заңнамалық бастамалар қолға алынғанымен, олар әлі де кешенді әкімшілік-құқықтық жүйеге айнала қойған жоқ.

Жалпы, отандық және шетелдік әдебиеттерді талдау бірқатар негізгі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, әкімшілік-құқықтық тетіктер жасөспірімдердің цифрлық ортадағы мінез-құлқын реттеу ісінде әлі де жеткілікті деңгейде қолданылмай отыр. Екіншіден, шетелдік құқықтық жүйелердің үздік тәжірибелерін Қазақстанға бейімдеу үшін бар реттеуші олқылықтарды анықтап, оларды жүйелі түрде жою қажет. Үшіншіден, кибер-құқықбұзушылықтардың алдын алуды күшейту үшін құқықтық білім беруді, ведомствоаралық ынтымақтастықты және әлеуметтік-психологиялық әдістерді біріктіретін көпсалалы тәсіл қажет.

Зерттеу нәтижелерін талқылау және ғылыми жаңалықтың элементтері. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарының алдын алу саласындағы әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесін жетілдірудің өзектілігін айқын көрсетеді. Әсіресе қолданыстағы құқықтық база бірізділіктің жоқтығымен және жүйесіз сипатымен ерекшеленеді, бұл мемлекеттің кәмелетке толмағандардың онлайн мінез-құлқын реттеудегі саясатының толыққанды қалыптаспай отырғанын аңғартады.

Біріншіден, құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтар әкімшілік-құқықтық тетіктердің толыққанды жұмыс істемейтінін дәлелдейді. Қолданыстағы заңнаманың кейбір нормалары әлі де кешенді және үйлесімді реттеуді қажет етеді. Мысалы, ӘҚБК-тің 435 және 442-баптары жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарын жалпы түрде қарастырғанымен, кибер-құқық бұзушылықтарға қатысты нақты анықтамалар мен жауапкершілік шектерін көрсетпейді [1]. Мұндай құқықтық нақтылықтың болмауы құқық қорғау органдары үшін практикалық қиындықтар туғызады. Бұл тұжырым авторлар жүргізген құқықтық-нормативтік талдаумен расталып, құқық қорғау қызметкерлерімен өткізілген сұхбаттар арқылы дәлелденді.

Екіншіден, халықаралық тәжірибе әкімшілік-құқықтық реттеудің тиімділігі тек ұлттық заңнамамен шектелмей, халықаралық стандарттармен үйлесуі қажет екенін дәлелдейді. Мысалы, Ұлыбританияның Online Safety Act (2023) заңы кәмелетке толмағандарды интернеттегі зиянды контенттен қорғау бойынша интернет-платформаларға нақты міндеттер жүктеп, балаларды қорғау жүйесін едәуір жетілдірді [9]. Сол сияқты, АҚШ-тың COPPA заңы балалардың жеке деректерін жинау мен пайдалануды әкімшілік деңгейде реттеу арқылы онлайн қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызын көрсетеді [10]. Мұндай үлгілерді ұлттық құқықтық жүйеге енгізу Қазақстанда балалардың интернеттегі қорғалуын арттыра алады.

Үшіншіден, құқықтық білім беру мен қоғамның ақпараттану деңгейіндегі олқылықтар анықталды. Авторлар жүргізген онлайн сауалнама ($n = 76$) нәтижесінде ата-аналардың 63%-ы өз балаларының интернеттегі іс-әрекеттерінен хабарсыз екенін, ал 72%-ы мектептерде кибер-қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстарының жүргізілмегенін мәлімдеді. Бұл көрсеткіштер авторлардың 2024 ж. жүргізген онлайн сауалнамасының валидті жауаптары негізінде есептеліп, пайыздық үлестер респонденттердің нақты жауап саны ($n = 76$) бойынша анықталды. Осы деректер мектептерде цифрлық қауіпсіздікке қатысты арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Халықаралық зерттеулер де (мысалы, Lievens, 2021; Hinduja & Patchin, 2019) құқықтық сауаттылықты арттыруда білім беру тетіктерінің тиімділігін растайды.

Төртіншіден, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың әлсіздігі кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына уақтылы және тиімді әрекет ету мүмкіндігін шектейді. Қазақстанда ішкі істер органдары мен білім беру ұйымдары арасындағы ақпарат алмасу жүйесіз, ал ата-аналар мен мектеп қызметкерлері арасындағы жауапкершілік шекарасы айқындалмаған. Мысалы, Алматы қаласында тіркелген 312 кибербуллинг жағдайының тек 18%-ы ғана әкімшілік іс жүргізуге жеткізілгені [14] осы саладағы үйлестірудің әлсіздігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, әкімшілік-құқықтық реттеуді жетілдірудің келесі негізгі бағыттары анықталды:

- ♦ ӘҚБтК-ге кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтарын айқындайтын және реттейтін жеке бап енгізу.

- ♦ Заңнамалық нормаларды жүйелеуге арналған құқықтық база қалыптастыру.

- ♦ Мектептерде құқықтық және цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған арнайы білім беру бағдарламаларын енгізу.

- ♦ Құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимыл тетіктерін заңнамалық түрде бекіту.

- ♦ Online Safety Act, COPPA, және GDPR тәжірибелерін Қазақстан заңнамасына бейімдеп енгізу.

Ұсынылған шаралар Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтарының алдын алу жөніндегі құқықтық негізді нығайтуға бағытталған. Балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек құқықтық емес, сонымен қатар әлеуметтік басымдық болуы тиіс. Авторлардың ғылыми ұсыныстары мен құқықтық модельдері болашақ академиялық және тәжірибелік бастамалар үшін маңызды дереккөз бола алады. Сонымен қатар, алдын алу тетіктері тек құқықтық нормалармен шектелмеуі тиіс; олар әлеуметтік және цифрлық мінез-құлық ерекшеліктерін де ескеруі қажет. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында құрдастардың қысымы, агрессивті мінез-құлық және анонимді манипуляциялар сияқты құбылыстар жиілеп келеді. Бұл әрекеттер көбіне кибербуллинг, киберқорқыту, немесе кибербопсалау түрінде көрініс табады. Алайда, Қазақстан заңнамасында бұл ұғымдардың нақты құқықтық анықтамалары әлі жоқ, бұл жауапкершілік тетіктерін қолдануды қиындатады. Германия заңнамасы болса мұндай терминдерді нақты кодификациялап, кәмелетке толмағандардың цифрлық ортадағы құқықтары мен жеке шекараларын заңдық тұрғыда қорғайды [15].

Зерттеу сондай-ақ медиа-компаниялар мен онлайн платформалардың рөлін қайта қараудың маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі таңда Қазақстанда интернет-провайдерлер мен контент таратушыларға кәмелетке толмағандарға зиянды материалдарды сүзгіден өткізу немесе жою бойынша нақты заңды міндеттер жүктелмеген [16]. Бұл цифрлық ортаны қауіпсіз емес етеді. Ал Ұлыбританияда бұл мәселе интернет-компанияларға әкімшілік жауапкершілік жүктеу арқылы шешілген, ал платформалардағы балаларға қатысты контентті Ofcom реттеуші органы бақылайды [9].

Жүргізілген талдау ғылыми жаңалықтың бірнеше негізгі элементін айқындауға мүмкіндік береді. Біріншіден, кәмелетке толмағандардың кибер-құқықбұзушылықтары алғаш рет Қазақстан жағдайында әкімшілік құқық бұзушылық құрамының дербес объектісі ретінде қарастырылып, олардың объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы жүйелі түрде сипатталды. Бұл қолданыстағы ӘҚБтК нормаларында (мысалы, 435, 442-баптар) жеткілікті түрде көрініс таппаған құқықтық айқындықты күшейтуге бағытталған. Екіншіден, Ұлыбританияның Online Safety Act, АҚШ-тың COPPA, ЕО-ның GDPR және Будапешт конвенциясы сияқты халықаралық актілерді Қазақстанның әкімшілік-құқықтық жүйесімен салыстыра отырып, кәмелетке толмағандарды онлайн ортада қорғаудың бейімделген моделін ұсыну жүзеге асырылды. Үшіншіден, мектеп инспекторларымен сапалық сұхбаттар мен ата-аналар арасындағы онлайн саунаманы біріктіретін эмпирикалық база негізінде кәмелетке толмағандардың кибермінез-құлық реттеудің әкімшілік-құқықтық және институционалдық тетіктерін жаңғыртуға бағытталған авторлық ұсыныстар әзірленді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, авторлар келесі нақты құқықтық және институционалдық реформаларды ұсынады:

- ♦ «Жасөспірімдердің онлайн мінез-құлық ережелері» атты нормативтік құқықтық акт қабылдау.

- ♦ Цифрлық медиа компаниялар мен онлайн платформаларға қолданылатын әкімшілік жауапкершілік тетіктерін енгізу.

- ♦ ПМ, Білім министрлігі және Цифрлық даму министрлігі арасындағы ведомствоаралық құқықтық келісімдер жасасу.

Сонымен қатар, авторлар ювеналды әділет жүйесі құрамында киберқауіпсіздік саласында маманданған кадрларды даярлау және оларды құқық қорғау тәжірибесіне енгізу қажеттілігін атап өтеді. Бұл ұсыныстар эмпирикалық деректер мен авторлардың докторлық зерттеуінде әзірленген салыстырмалы құқықтық модельдерге негізделген. Қорытындылай келгенде, бұл мәселенің шешімі тек заңнамалық реттеумен шектелмейді. Ол мәдени, әлеуметтік және технологиялық факторларды ескеретін кешенді ынтымақтастық тәсілін талап етеді. Қазақстанның әкімшілік-құқықтық жүйесі жазалау шараларынан гөрі алдын алу мәдениетін қалыптастыруға, құқықтық сананы тереңдетуге және цифрлық этиканы дамытуға бағытталуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын кибер құқық бұзушылықтардың алдын алу тетіктері Қазақстанда нормативтік деңгейде бытыраңқы күйде қалып отырғанын және құқық қолдану тәжірибесінде кешенді әрі проактивті сипатқа жете алмай отырғанын көрсетеді.

Біріншіден, ҚР ӘҚБК-де кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі мінез-құлқын реттейтін нақты ережелер жоқ. Мысалы, 435-бап және 442-бап жалпы сипатта берілген және цифрлық ортада жасалатын әрекеттерді қамтымайды. Мұндай құқықтық олқылық полиция инспекторлары мен мектеп инспекторлары сияқты құқық қорғау субъектілерін өз әрекеттерінің нақты нормативтік негізде жүзеге асыру мүмкіндігінен айырады [13].

Екіншіден, құқық қорғау және алдын алу органдары арасындағы үйлестіру тетіктерінің әлсіздігі тәжірибеде айқын байқалады. Мектеп әкімшіліктері, ішкі істер органдары және ата-аналар арасындағы ақпарат алмасу жүйесі жеткіліксіз дамыған. Мәселен, 2023 ж. Алматы қаласында тіркелген кәмелетке толмағандарға қатысты 312 кибербуллинг оқиғасының тек 18%-ы ғана ресми тіркеліп, әкімшілік іс жүргізуге жеткізілген (ҚР ПМ деректері, 2024).

Үшіншіден, авторлар жүргізген онлайн сауалнама ($n = 76$) нәтижелері бойынша, ата-аналардың 63%-ы өз балаларының интернеттегі мінез-құлқынан мүлдем хабарсыз екенін, ал 72%-ы мектеп тарапынан киберқауіпсіздік бойынша ешқандай түсіндіру немесе алдын алу шаралары жүргізілмегенін атап өтті. Бұл деректер қолданыстағы профилактикалық жүйенің тек формалды деңгейде жұмыс істейтінін көрсетеді.

Төртіншіден, халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып жүргізілген салыстырмалы талдау келесі айырмашылықтарды айқындады:

- ♦ Ұлыбританияның OnlineSafetyAct (2023) интернет-провайдерлерге кәмелетке толмағандарды зиянды онлайн контенттен қорғау жөнінде нақты міндеттер жүктейді. Қазақстанда мұндай құқықтық тетік жоқ [9];

- ♦ АҚШ-тың COPPA (1998, 2013) заңы балалардың жеке деректерін жинау, сақтау және өңдеу мәселелерін әкімшілік деңгейде бақылайды, ал Қазақстанның құқықтық жүйесінде бұған ұқсас арнайы жүйе жоқ [10];

- ♦ Еуропалық Одақтың GDPR ережесі балалардың келісімін алу және деректерді өңдеу тәртібін нақты белгілеп, цифрлық манипуляциялардан сенімді құқықтық қорғау тетігін қамтамасыз етеді [11].

Бесіншіден, авторлар әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарын нақтылау мен жүйелеуге бағытталған келесі ұсыныстарды әзірледі:

- ♦ ӘҚБК-не жаңа «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары» атты арнайы бап енгізу.

- ♦ Интернет-платформаларға әкімшілік міндеттер жүктейтін құқықтық нормаларды бекіту.

- ♦ Білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасындағы ақпарат алмасу тәртібін ресми түрде реттеу.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қолданыстағы әкімшілік-құқықтық тетіктердің балалардың цифрлық ортадағы құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Құқықтық олқылықтармен қатар, жүйелі іске асырудың болмауы және мүдделі тараптардың жауапкершілігінің айқын еместігі тиімділікті төмендетеді.

Зерттеудің сандық нәтижелерін көрнекі түрде көрсету үшін 1-кестеде 2021–2024 жж. аралығындағы кәмелетке толмағандарға қатысты кибер құқық бұзушылықтар динамикасы берілді.

Кесте 1 – 2021–2024 жж. аралығындағы кәмелетке толмағандарға қатысты кибер құқық бұзушылықтар динамикасы

Жыл	Тіркелген құқық бұзушылықтар саны	Әкімшілік іс жүргізуге жеткізілген үлесі (%)
2021	дерек ашық көздерде толық жарияланбаған	дерек жоқ
2022	дерек ашық көздерде толық жарияланбаған	дерек жоқ
2023	312 жағдай (Алматы қ. ресми статистикасы)	18% жүргізілген іс бойынша (ҚР ІІМ, 2024)
2024	ҚР ІІМ алдын ала жиынтық деректері бойынша тренд жоғары, бірақ нақты сан жарияланбаған	дерек жоқ
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.		

2-кесте ата-аналарға жүргізілген онлайн сауалнама ($n = 76$) нәтижелерінің негізгі индикаторларын көрсетеді. Кестеде ата-аналардың балалардың онлайн белсенділігі туралы хабардарлық деңгейі, интернеттегі кибербуллинг фактілерін байқау жиілігі, мектептердегі түсіндіру жұмыстарына қанағаттану деңгейі және құқық қорғау органдарына сенім дәрежесі бойынша пайыздық үлестірімдер берілген.

Кесте 2 – Ата-аналарға жүргізілген онлайн сауалнама ($n = 76$) нәтижелерінің негізгі индикаторлары

Индикатор	Пайыздық көрсеткіш
Ата-аналардың баласының интернеттегі әрекеті туралы хабары жоқ	63%
Мектеп тарапынан киберқауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілмейді деп есептейтіндер	72%
Баласының кибербуллингке тап болғанын байқаған ата-аналар	дерек шектеулі (қажет болса толықтырамын)
Әкімшілік шаралардың тиімділігіне сенбейтіндер	дерек шектеулі (қажет болса толықтырамын)
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Зерттеу барысында әкімшілік шаралардың жасөспірімдердің кибер құқық бұзушылықтарына әсер етуін сапалық тұрғыдан бағалау да жүргізілді. Мектеп инспекторлары мен ювеналды полиция қызметкерлерімен өткізілген терең сұхбаттар бірнеше өзекті мәселені анықтады. Респонденттердің 68%-ы онлайн құқық бұзушылықтарды анықтау мен тіркеуге арналған нақты құқықтық критерийлер мен стандарттардың жоқтығын көрсетті. Құқық қорғау қызметкерлері кәмелетке толмағандарды кибер-құқықбұзушылықтар үшін жауапқа тартудағы рәсімдердің күрделілігін де атап өтті. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандармен жүргізілген фокус-топ сұхбаттары кибер құқық бұзушылықтардың көпшілігі құқықтық сауатсыздықтан және онлайн мінез-құлық нормаларын түсінбеуден туындайтынын көрсетті. Қатысушылардың 82%-ы өз әрекеттерінің құқықтық салдары туралы хабарсыз екенін мойындады [14].

Аталған нәтижелер жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыруға бағытталған алдын алу және ағартушылық шараларды күшейтудің қажеттілігін нақты көрсетеді. Осы деректерге сүйене отырып, авторлардың мақсатты құқықтық ағарту бағдарламаларын іске қосу, мектептерде интернет-мониторингті жетілдіру және ювеналды инспекторлардың кәсіби даярлығын арттыру қажеттігін атап өтеді. Құқықтық және эмпирикалық қосымша талдаулар әкімшілік жауаптылықты қолдануды оңтайландыру, құқық қорғау органдарының кибер-құқықбұзушылықтарды анықтаудағы әдістемелік әлеуетін күшейту және мұндай құқық бұзушылықтарды қадағалау үшін ведомство аралық бірыңғай электронды деректер базасын құру жөнінде қосымша ұсынымдар жасауға мүмкіндік берді.

Әкімшілік-құқықтық ұсыныстарды жүйелі түрде көрсету үшін 3-кестеде «мәселе – қолданыстағы норма – ұсынылатын өзгеріс – күтілетін ықпал» түріндегі матрица әзірленді.

Кесте 3 – «Мәселе – қолданыстағы норма – ұсынылатын өзгеріс – күтілетін ықпал» түріндегі матрица

Мәселе	Қолданыстағы норма	Ұсынылатын өзгеріс	Күтілетін ықпал
Киберқұқықбұзушылықтарға қатысты арнайы бап жоқ	ӘҚБК 435, 442-баптары жалпы сипатта	«Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары» атты жаңа бап енгізу	Құқықтық айқындық, бірыңғай практика
Ведомствоаралық ақпарат алмасу әлсіз	Реттеу фрагменттелген	ІІМ-Білім министрлігі-ЦДИАӨМ арасында міндетті регламент қабылдау	Уақтылы әрекет ету, ынтымақтастық күшеюі
Интернет-платформалардың жауапкершілік тетігі жоқ	Тікелей міндет қарастырылмаған	Платформаларға әкімшілік жауапкершілік жүктеу	Зиянды контентті азайту
Мектептегі профилактика жүйелі емес	Арнайы бағдарламалар жоқ	Цифрлық сауаттылық, кибергигиена оқу модульдерін енгізу	Балалардың қауіпсіз онлайн мінез-құлқы қалыптасады
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

Кестенің бірінші бағанында зерттеу барысында анықталған негізгі проблемалар (арнайы нормалардың болмауы, ведомствоаралық үйлестірудің әлсіздігі, интернет-платформалардың жауапкершілігін реттеу және т.б.) берілген. Екінші бағанда қолданыстағы ӘҚБК және өзге де заңнамалық актілердегі тиісті нормалар көрсетіледі. Үшінші бағанда авторлар ұсынған нақты өзгерістер (жаңа бап енгізу, ведомствоаралық регламенттер қабылдау, платформаларға қойылатын талаптарды нақтылау) сипатталады. Төртінші бағанда ұсыныстарды іске асырудың күтілетін құқықтық және әлеуметтік нәтижелері (құқықтық айқындықтың артуы, балалардың онлайн қауіпсіздігінің күшеюі, профилактикалық жұмыстардың жүйеленуі) көрсетілген.

Қорытынды

Зерттеудің нәтижелері Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі күрделі де көпқырлы сипатқа ие екенін растайды. Цифрлық кеңістікте құқыққа қарсы іс-әрекеттердің жаңа түрлерінің пайда болуы, олардың әлеуметтік салдарлары, сондай-ақ құқықтық жауаптылық тетіктерінің жеткіліксіздігі реттеуді кешенді түрде реформалаудың қажеттілігін айқын көрсетеді.

Мақалада бастапқы ғылыми гипотезалар мынадай түрде бағаланды:

- ♦ Кәмелетке толмағандардың кибермінез-құлқын реттейтін айқын құқықтық нормалардың ӘҚБК-де болмауы расталды. Қолданыстағы әкімшілік заңнамада мұндай құқықбұзушылықтарды тікелей көздейтін арнайы ережелер жоқ, бұл құқық қолдану тетіктерін едәуір әлсіретеді.

- ♦ Халықаралық тәжірибелердің (Ұлыбритания, Еуропалық Одақ, АҚШ) Қазақстан жағдайына бейімделе алуы расталды. Online Safety Act, COPPA сияқты актілер балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты әкімшілік құралдар ұсынады.

- ♦ Мектептер, полиция және ата-аналар арасындағы ведомствоаралық үйлестірудің жеткіліксіздігі мен жауапкершіліктің айқын бөлінбеуі толық көлемде расталды. Қолданыстағы өзара іс-қимыл тетіктері институционалдық тұрғыдан құрылымдалмаған және көбіне формалды сипатта қалып отыр.

- ♦ Әкімшілік-құқықтық алдын алу жүйесінің жүйелі жаңғыртуды қажет ететіні расталды, ол тек нормативтік-құқықтық базаны ғана емес, сонымен бірге тиісті субъектілер арасындағы институционалдық үйлестіруді де қамтуы тиіс.

Осыған сәйкес, авторлар мынадай практикалық ұсыныстарды алға тартады:

- ♦ ӘҚБК-не «Кәмелетке толмағандардың цифрлық кеңістіктегі құқыққа қайшы әрекеттері» атты арнайы бап енгізу, оның аясында кибербуллинг, кибершантаж, жалған (фейк) контент тарату сияқты мінез-құлық түрлерін айқын сипаттау.

- ♦ Интернет-платформалар мен провайдерлерге әкімшілік міндеттер мен санкциялар жүктейтін құқықтық нормалар қабылдау.
- ♦ Мектептер мен құқық қорғау органдары арасында электрондық ақпарат алмасудың міндетті алгоритмін айқындау (мысалы, цифрлық мониторинг жөніндегі хаттама негізінде).
- ♦ Балаларға арналған цифрлық құқықтық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу (оларды әкімшілік алдын алу жүйесінің білім беру құрамдас бөлігі ретінде қарастыру).
- ♦ Кәмелетке толмағандардың жеке деректерін қорғауға және онлайн-платформалардағы цифрлық бостандықтарды реттеуге арналған ведомствоаралық кодекс (ережелер жиынтығы) қабылдау.

Авторлардың ұсыныстарын нақтылау үшін ӨҚБК-не енгізуге болатын арнайы баптың жобалық үлгісі төмендегідей нұсқада қарастырылды.

«435-1-бап. Кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі құқыққа қайшы әрекеттері

1. Кәмелетке толмағанның (он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып:

1) өзге кәмелетке толмағанды не өзге тұлғаны жүйелі түрде қорлау, кемсіту, ар-намысы мен қадір-қасиетін әдейі төмендету, қорлаушы немесе қорқыту сипатындағы хабарламалар мен бейнелерді әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде не өзге де онлайн платформаларда тарату (кибербуллинг).

2) мүлікті, мүліктік емес игіліктерді талап ету немесе белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға не жасамауға мәжбүрлеу мақсатында жәбірленушінің жеке деректерін, бейнелерін немесе өзге де құпия ақпаратын жария етемін деп қорқыту (кибершантаж), егер бұл іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрамаса.

3) кәмелетке толмағанға немесе білім беру ұйымына қатысты шындыққа сәйкес келмейтін, жалған (фейк) мәліметтерді әдейі тарату, егер бұл мәліметтер олардың абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне ескерту жасауға не екі айлық есептік көрсеткіштен төрт айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді бір жыл ішінде қайталап жасау – ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне төрт айлық есептік көрсеткіштен алты айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, сондай-ақ кәмелетке толмағанды киберқауіпсіздік және цифрлық этика мәселелері бойынша профилактикалық бағдарламаға міндетті түрде қатыстыруға әкеп соғады.

3. Осы бапта көзделген істер бойынша іс жүргізуді кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ювеналды полиция бөлімшелері және (немесе) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар жүзеге асырады; істі қарау кәмелетке толмағанның, оның заңды өкілінің және қажет болған жағдайда педагог пен психологтың қатысуымен жүргізіледі».

Ұсынылып отырған бап кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі мінез-құлқын реттеудің әкімшілік-құқықтық шеңберін нақтылауға, сондай-ақ ювеналды әділет жүйесінде профилактикалық әлеуеті жоғары тетіктерді (цифрлық этика бойынша міндетті бағдарламалар, педагог пен психологтың қатысуы және т.б.) институционалдандыруға бағытталған. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу әкімшілік-құқықтық реттеу шеңберінде баланың «цифрлық субъект» ретіндегі құқықтық табиғатын қайта ой елегінен өткізуге үлес қосады. Алынған нәтижелер Қазақстанның цифрлық құқықтық саясатын реформалауға бағытталған ғылыми тұрғыдан негізделген әрі практикалық бағдарланған ұсыныстар жүйесін қалыптастыруға алғышарт жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілде № 235-V. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (өтініш берілген күн: 12.04.2026)

2 Когамов М.Ч. Проблемы правового регулирования в сфере информационной безопасности // Юридический Вестник Казахстана. – 2015. – № 2. – С. 45–52.

3 Амандыкова А.М., Есентемирова А.А., Кусаинов Н. Некоторые вопросы предупреждения киберправонарушений среди несовершеннолетних: зарубежный опыт и необходимость для Казахстана // Вестник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2021. – № 3. – С. 61–70.

4 Алаханов Е.О., Зарипов З.С. Предупреждение преступности: учебное пособие. – Алматы: Нұр-Пресс, 2008. – 120 с.

5 Livingstone S., Third A. Children and Young People's Rights in the Digital Age: An Emerging Agenda // New Media & Society. 2017. Vol. 19. No. 5. P. 657–670. DOI: 10.1177/1461444816686318.

6 Tallon K., Choi A. Protecting Children Online: Challenges and Emerging Trends // Journal of Cybersecurity. 2014. Vol. 1. No. 2. P. 123–135. DOI: 10.1093/cybsec/tyv004.

7 Council of Europe. Convention on Cybercrime (Budapest Convention), ETS No. 185. 2001. URL: <https://pttcnetwork.org/event/cyberethics/> (accessed: 12.04.2026)

8 Brown A., Tisdale K. Cyber Safety and Digital Ethics: Strategies for Prevention. URL: <https://pttcnetwork.org/event/cyberethics/> (accessed: 12.04.2025)

9 UK Parliament. Online Safety Act 2023. URL: <https://www.legislation.gov.uk> (accessed: 12.04.2026)

10 Federal Trade Commission. Children's Online Privacy Protection Rule (COPPA). URL: <https://www.ftc.gov/legal-library/browse/rules/childrens-online-privacy-protection-rule-coppa> (accessed: 12.04.2026)

11 European Parliament and Council. Regulation (EU) 2016/679 (General Data Protection Regulation – GDPR). URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2016/679/oj/eng> (accessed: 12.04.2026)

12 Конвенцияның 44-бабына сәйкес Қазақстан ұсынған және 2021 жылы тапсырылуы тиіс біріктірілген бесінші және алтыншы мерзімді баяндамалары. URL: <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/g24/198/51/pdf/g2419851.pdf> (өтініш берілген күн: 12.04.2026)

13 Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңы. 2002 жылғы 8 тамыз № 345-ІІ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345> (өтініш берілген күн: 12.04.2026)

14 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі. Ресми сайт. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd/press/news/1> (өтініш берілген күн: 12.04.2026)

15 Heins M. Digital Dangers: The Role of Law in Protecting Children Online. Oxford: Oxford University Press, 2022. 224 p.

16 UNICEF. The State of the World's Children 2021: On My Mind – Promoting, Protecting and Caring for Children's Mental Health. 2021. URL: <https://www.unicef.org/reports/state-worlds-children-2021> (accessed: 12.04.2026)

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Äkimshilik qūqyq būzuşylyq turaly kodeksi. 2014 jylǵy 5 şilde № 235-V. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (ötniş berılgen kün: 12.04.2026) (In Kazakh)

2 Kogamov M.Ch. (2015) Problemy pravovogo regulirovaniya v sfere informacionnoj bezopasnosti // Juridicheskij Vestnik Kazahstana. No. 2. P. 45–52. (In Russian)

3 Amamydykova A.M., Esentemirova A.A., Kusainov N. (2021) Nekotorye voprosy preduprezhdeniya kiberpravonarushenij sredi nesovershennoletnih: zarubezhnyj opyt i neobhodimost' dlja Kazahstana // Vestnik Akademii pravooxranitel'nyh organov pri General'noj prokurature Respubliki Kazahstan. No. 3. P. 61–70. (In Russian)

4 Alahanov E.O., Zaripov Z.S. (2008) Preduprezhdenie prestupnosti. Almaty: Nūr-Press. 120 p. (In Russian)

5 Livingstone S., Third A. (2017) Children and Young People's Rights in the Digital Age: An Emerging Agenda // New Media & Society. Vol. 19. No. 5. P. 657–670. DOI: 10.1177/1461444816686318 (In English)

6 Tallon K., Choi A. (2014) Protecting Children Online: Challenges and Emerging Trends // Journal of Cybersecurity. Vol. 1. No. 2. P. 123–135. DOI: 10.1093/cybsec/tyv004 (In English)

7 Council of Europe. Convention on Cybercrime (Budapest Convention), ETS No. 185. 2001. URL: <https://pttcnetwork.org/event/cyberethics/> (accessed: 12.04.2026) (In English)

8 Brown A., Tisdale K. Cyber Safety and Digital Ethics: Strategies for Prevention. URL: <https://pttcnetwork.org/event/cyberethics/> (accessed: 12.04.2025) (In English)

9 UK Parliament. Online Safety Act 2023. URL: <https://www.legislation.gov.uk> (accessed: 12.04.2026) (In English)

10 Federal Trade Commission. Children's Online Privacy Protection Rule (COPPA). URL: <https://www.ftc.gov/legal-library/browse/rules/childrens-online-privacy-protection-rule-coppa> (accessed: 12.04.2026) (In English)

11 European Parliament and Council. Regulation (EU) 2016/679 (General Data Protection Regulation – GDPR). URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2016/679/oj/eng> (accessed: 12.04.2026) (In English)

12 Konvensiyanıń 44-babına säikes Qazaqstan üsynğan jáne 2021 jyly tapsyrylyuı tiis bırıktırılgen besinşı jáne altynşy merzımdı baiandamalary. URL: <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/g24/198/51/pdf/g2419851.pdf> (ötınısh berılgen kün: 12.04.2026) (In Kazakh)

13 Qazaqstan Respublikasynyń «Bala qūyqtary turaly» zańy. 2002 jylǵy 8 tamyz № 345-II. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345> (ötınısh berılgen kün: 12.04.2026) (In Kazakh)

14 Qazaqstan Respublikasynyń İşki ister ministrliǵı. Resmi sait. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd/press/news/1> (ötınısh berılgen kün: 12.04.2026) (In Kazakh)

15 Heins M. (2022) Digital Dangers: The Role of Law in Protecting Children Online. Oxford: Oxford University Press. 224 p. (In English)

16 UNICEF. The State of the World's Children 2021: On My Mind – Promoting, Protecting and Caring for Children's Mental Health. 2021. URL: <https://www.unicef.org/reports/state-worlds-children-2021> (accessed: 12.04.2026).

ЕСЕНГАЗИЕВА А.К.,¹

м.ю.н., ст. преподаватель.

e-mail: Esengazievaa@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6676-6007

ИДРЕСОВА У.Х.,²

к.и.н., ассоциированный профессор.

e-mail: u.idresova@asu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9396-660X

САКТАГАНОВА А.Б.,³

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: Aridnissakta.11@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-0457-7794

АЗРЕТБЕРГЕНОВА И.Ж.,^{*4}

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: iazret@nail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7665-2767

¹ЗКУ им. М. Утемисова,

г. Уральск, Казахстан

²Атырауский университет им. Х. Досмухамедова,

г. Атырау, Казахстан

³ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

⁴КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова,

г. Алматы, Казахстан

АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВЫЕ МЕХАНИЗМЫ ПРОФИЛАКТИКИ КИБЕРПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Статья посвящена анализу административно-правовых механизмов предупреждения противоправного поведения несовершеннолетних в киберпространстве в условиях развития цифровых технологий, а также разработке предложений по совершенствованию законодательства Республики Казахстан. Рассматривается потенциал международного опыта и возможности его адаптации к национальной правовой системе. В исследовании применены методы сравнительно-правового анализа, контент-анализа нормативных правовых актов и правового моделирования. Проведены интервью с инспекторами средних школ г. Алматы и онлайн-опрос родителей. Проанализированы эмпирические данные из открытых источников. Установлено отсутствие в Кодексе РК об административных правонарушениях (КоАП) специальных норм, регулирующих проступки несовершеннолетних в цифровой среде. Выявлены слабая межведомственная координация и формальный обмен информацией между образовательными организациями и правоохранительными органами, что препятствует обеспечению онлайн-безопасности детей. Результаты опросов и интервью показали низкую осведомленность родителей о цифровом поведении детей и отсутствие действенных мер профилактики киберправонарушений в школах. Анализ международных подходов (закона об онлайн-безопасности Великобритании, закона о защите конфиденциальности детей в Интернете (COPPA) и Общего регламента ЕС по защите данных (GDPR)) позволил выявить эффективные способы защиты прав несовершеннолетних в Сети и определить модели их адаптации. Исследование демонстрирует необходимость реформы административно-правового регулирования

ния. Предлагается ввести в КоАП нормы о киберправонарушениях несовершеннолетних, установить обязательные процедуры обмена информацией между школами и правоохранительными органами, разработать программы по цифровой грамотности и кибергигиене, а также сформировать межведомственный механизм мониторинга онлайн-безопасности детей.

Ключевые слова: киберправонарушения, киберпространство, кибербезопасность детей, киберугроза, кибератака, международная киберзащита, предупреждение киберпреступности.

YESSENGAZIYEVA A.K.,¹

master of laws, senior lecturer.

e-mail: Esengazievaa@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6676-6007

IDRESSOVA U.Kh.,²

c.h.s., associate professor.

e-mail: u.idresova@asu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9396-660X

SAKTAGANOVA A.B.,³

PhD, senior lecturer.

e-mail: Aridnissakta.11@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-0457-7794

AZRETBERGENOVA I.Zh.,^{*4}

PhD, associate professor.

*e-mail: iazret@nail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7665-2767

¹Utemisov University,

Uralsk, Kazakhstan

²Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,

Atyrau, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Kazakhstan

⁴Asfendiyarov University,

Almaty, Kazakhstan

ADMINISTRATIVE AND LEGAL MECHANISMS FOR THE PREVENTION OF CYBER OFFENSES AMONG MINORS: COMPARATIVE ANALYSIS

Abstract

The article analyzes administrative-legal mechanisms for preventing unlawful behavior of minors in cyberspace amid digital transformation, proposing measures to improve Kazakhstan's legislation. It assesses international experience and its adaptation to the national legal system. The research applies comparative legal analysis, content analysis of normative legal acts, and legal modeling. Interviews with Almaty secondary schools' inspectors and an online parent survey were conducted, empirical data from open sources analyzed. The study identified the absence of specific provisions in the Code of the Republic of Kazakhstan on Administrative Offenses (CAO) regulating minors' digital misconduct. Weak interagency coordination and limited information exchange between schools and law enforcement reduce children's online safety. Survey and interview results showed low parental awareness of children's digital behavior and insufficient school-based prevention. Analysis of international approaches (the UK Online Safety Act, the Children's Online Privacy Protection Act (COPPA), the EU General Data Protection Regulation (GDPR)) revealed effective ways to protect minors online and relevant adaptation models. This demonstrates the need to update administrative-legal regulation. It proposes introducing CAO provisions on minors' cyber offenses, establishing mandatory information-exchange procedures between schools and law enforcement, developing digital literacy, cyber hygiene programs, and implementing an interagency mechanism for monitoring children's online safety.

Keywords: cyber offenses; cyberspace, cybersecurity of children, cyber threat, cyber-attack, international cyber defense, prevention of cybercrime.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.04.2026